

әл-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Экономика және бизнес жоғары мектебі
Бизнес технологиялар кафедрасы



Логистика жүйесіндегі тәуекелдерді басқару (пәні)

13 дәріс :
Аудиторлық тәуекел

Дәріс жоспары :



1. Аудиторлық тәуекелділік мағынасы
2. Аудиторлық тәуекелдің құрамы
3. Аудиторлық тәуекелділікті бағалау әдістері
4. Аудиторлық дәлелдеулер түсінігі
5. Дәлелдеулер алу шарты
6. Аудиторлық дәлелдеулер түрлері


1. Аудиторлық тәуекелділік



- ✦ **Аудиторлық тәуекелділік** - аудит аяқталып, оң аудиторлық қорытынды берілгеннен кейін қаржы есептемесінде елеулі кемістіктер табылған жағдайда аудитор өзіне алуға әзір тәуекелдіктің субъективті түрде белгіленген деңгейі.
- ✦ **Аудиторлық тәуекел** - бұл аудитор өзіне алуға әзір субъективті құрылған тәуекел деңгейі және тұжырымдардың жағымды ұсыныстары мен аудит аяқталғаннан кейін соңғы қаржылық есептерде болатын кемшіліктерді табуға бел буушы.

2. Аудиторлық тәуекел құрамы





- ✿ **Ішкі шаруашылық немесе бөлінбейтін тәуекел** - бухгалтерлік шоттың, баланс бабының, экономикалық субъектінің есеп берушілігінің ішінде нақты қателердің бар болуы.
- ✿ Ішкі шаруашылық тәуекелдің деңгейін аудитор клиенттің бизнестің спецификасына қарап біледі. Бұл тәуекел түрі ішкі шаруашылық бақылау құралдары мен тексеруге келмейтін клиент ісінің ішкі мазмұнына байланысты.
- ✿ **Бақылау құралы тәуекелділігі** - кәсіпорында бар және күнделікті қолданылатын бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйелерінің құралдары дер кезінде қателерлі тауып, түзете алмау ретінде аудиторлармен анықталатын мүмкіндік.



- ✿ **Ішкі бақылау жүйесінің тәуекелі** кәсіпорында қызмет ететін және күнділікті қолданылатын бухгалтерлік және ішкі бақылау жүйелерінің құралдары бұзушылықтарды дер кезінде тауып, түзету мүмкіндігі.
- ✿ Аудитор аудит процесі барысында ішкі бақылау жүйесін зерттеп, бағалау керек.
- ✿ **Айқындамау тәуекелділігі** - тексеру барысында аудиторлар қолданатын процедуралар нақты қателерді таба алмау мүмкіншілігі.



- ✿ **Анықталмау тәуекелділігі** аудитор жұмысының тиімділігімен сапасының көрсеткіші болып табылады.
- ✿ Аудиторлар ішкі шаруашылық бақылау құралдарының тәуекелін бағалау негізінде өзінің жұмысындағы анықталмау тәуекелін азайту керек.
- ✿ **Анықталмау тәуекелдігі** аудиторлық процедуралар операцияларының шоттары сальдосындағы қателерді таба алмау мүмкін.

3. Аудиторлық тәуекелді бағалау әдістері



Аудиторлық тәуекелді бағалаудың екі түрі бар: сезгіштік және сандық

Сезгіштік әдіс – аудитор тәжірибе мен клиент бизнесін білу негізінде қаржылық есеп беру немесе шаруашылық операциялар бойынша жалпы аудиторлық тәуекелділікті жоғары, орта, төмен деп анықтауға болады.

Сандық әдіс – аудиторлық тәуекелділік моделі негізінде есеп айырысуды көздейді. Аудиторлық тәуекелдіктің алдын ала үлгісі мынадай формулада болуы ықтималы:

$$AR=IR*CR*DR$$

$$AT= BTxBqTxAqT)$$

AR (AT)- қолайлы аудиторлық тәуекелділік;

IR (BT)- бөлінбес тәуекелділік;

CR (BqT)- бақылау тәуекелділігі;

DR (AqT)- айқындамау тәуекелділігі.



- ✦ Мысалы:
- ✦ аудитор бөлінбейтін тәуекелділікті 80 пайыз,
- ✦ бақылау тәуекелділігін 50 пайыз,
- ✦ айқындамау тәсілін 10 пайыз деп бағалайды.
- ✦ Осы шамалар негізінде аудитор аудиторлық тәуекелділіктің 4 пайыздық шамасын ала алады.
- ✦ Айқындамау тәуекелділігі көп дәрежеде аудитор кәсіпқойлығын сипаттайтындықтан, оған аудиторлық тәуекелділік моделінен осы тәуекелділікті анықтау дұрыс болады:

$$\text{✦ } A_{\text{қТ}} = A_{\text{Т}} / B_{\text{Т}} * B_{\text{қТ}}$$



- ✦ Аудитор аудиторлық тәуекелділікті 5 пайыз,
- ✦ бөлінбес тәуекелділікті 80 пайыз,
- ✦ бақылау тәуекелділігін 50 пайыз деңгейлерінде қойды делік. Сонымен айқындамау тәуекелділігі 12,5 пайызды құрайды.



- ☀ **Ішкі тәуекел** - бұл тиісті немесе ішкі бақылау болмаған кезде жеке немесе операцияның басқа сальдосының бұрмалануымен бірге шоттағы сальдо.
- ☀ **Табиғи тәуекел** - бұл объектілердің сипаттамаларына байланысты бұрмалану қаупі, мысалы, олардың құрамында бухгалтерлік бағалау бар. Аудиторлар өздерінің кәсіби пікірлері мен барлық білімдерін тән тәуекелді бағалау үшін пайдаланады.
- ☀ Егер мұндай білім болмаса, онда өзіне тән тәуекел үлкен болады. Ішкі тәуекел ұйымның сипатына, ол орналасқан салаға және ол қабылдаған стратегиялардың сипатына байланысты.



- ✿ **Анықтау тәуекелі** - бұл аудитор бақылайтын аудиторлық тәуекелдің құрамдас бөлігі. Егер бұл тәуекел өте жоғары болса, аудиторлар аудиторлық тәуекелдің осы компонентін, демек жалпы аудиторлық тәуекелді азайту үшін көп жұмыс істей алады.
- ✿ Анықталмау қаупін азайтудың бір әдісі - іріктеме көлемін ұлғайту.
- ✿ Алайда, іріктеу көлемін ұлғайту және көп жұмыс жасау - анықтау тәуекелдерін басқарудың жалғыз әдісі емес. Себебі анықтамау қаупі таңдалған аудиторлық рәсімге және оны аудитордың қолдануына байланысты.



4. Аудиторлық дәлелдеулер түсінігі

- ✦ **Аудиторлық дәлелдеулер** дегеніміз - аудиторлық қорытынды жасауға негіз болатын аудитордың қорытынды пікірлерін тұжырымдау процессінде пайдалануға алатын ақпараттар.
- ✦ **Аудиторлық дәлелдеулерге** қаржылық қорытынды есепті құруға негіз болған және басқа көздерден алынған ақпараттарды растайтын бастапқы құжаттар мен есеп регистрлері жатқызылады

Аудиторлық дәлелдеулер түрлері

Аудиторлық дәлелдеулер


Сыртқы
дәлелдеулер

Аралас дәлелдеулер

Ішкі дәлелдеулер

Тура дәлелдеулер

Жанама
дәлелдеулер



- ☀ **Тура дәлелдеулер** – алғашқы құжаттармен және есеп тіркемелерімен расталған куәлік.
- ☀ **Жанама дәлелдеулерге** осы мәселе бойынша фактілерге тікелей қатысы жоқ куәліктер жатады.
- ☀ Мысалы тексерілген ұйымның қаржылық есептілігінде мәнді қателіктердің болмауы ішкі аудит жүйесінің сенімділігінің жанама куәлігі.
- ☀ **Сыртқы дәлелдеулер** үшінші жақтан және басқа ұйымдардан алынатын ақпараттар.
- ☀ **Аралас дәлелдеулер** клиенттен алынып, сыртқы ақпарат көзімен дәлелденеді.
- ☀ **Ішкі дәлелдеулер** клиенттен алынады.




☀ **Бақылау сұрақтары:**

- ☀ 1. Аудиторлық тәуекелділік мағынасы
- ☀ 2. Аудиторлық тәуекелдің құрамы
- ☀ 3. Аудиторлық тәуекелділікті бағалау әдістері
- ☀ 4. Аудиторлық дәлелдеулер түсінігі
- ☀ 5. Дәлелдеулер алу шарты
- ☀ 6. Аудиторлық дәлелдеулер түрлері

Әдебиеттер тізімі :



1. Улучшение качества продукции, продукции, ресурсов: учеб. пособие / В.В. Ефимов - М.: КНОРУС, 2010. - 240 с.
2. Управление проектами: учеб. пособие / А.Г. Ивасенко, Я.И. Никонова -Ростов н/Д: Фениес, 2009. - 330 с.
3. Рыхтикова Н.А. Анализ и управление рисками организации / Н.А. Рыхтикова - М.: ФОРУМ, 2013. - 240 с.
4. Википедия, «Риск, неопределённость и прибыль»
5. Научная статья по специальности «Экономика и бизнес»: Анализ взаимосвязи понятий «риск» и «неопределенность»



Назарларыңызға
рахмет

